

С. М. Қазым, 1-курс

Ғылыми жетекшісі: А. И. Бурманова, аға оқытушысы

(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕСІ — ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері, көптеген жетістіктерге жетті. Қай саладан болмасын, біздің азаматтарымыз даңқты орын алып жүр. Осындай жетістіктеріміз Елбасымызбен халқымыздың арқасы екені мәлім. Тұғыры биік Қазақ елінің жады да, алды да — біз, жастар. Ал, еліміздің биік тұғырын көкке самғату, ертеңгі күніміз, тек білімді азаматтардың еншісінде. Қазіргі заманның ағымына сәйкес, адам жан-жақты болуға тиіс, оның ішінде құқықты мәдениетті болуға. Оның қандай маңызы бар деп ойлап қаларсыздар? Қазақстан Республикасының азаматы өзінің құқығымен міндетін білмейтін болса, ол өзінің мүмкіндіктерімен шектеулерін білмейді. Қазір кез-келген адам, заңға тек құқық бұзылған кезде, өзінің құқығын жете білмегенде жүгінеді. Ал, кейде заң білмегеннің кесірінен ашық айтсақ, заңсыз әрекеттерге барып, оның соңында не жүйе соңынан енді. Аяғына тұрып келе жатқан мезгілде ұлтшылдықпен күткендерін білмейді де. Осы себеппен құқықтық мәдениетті жетілдіріп, еліміздің азаматтарын құқықты мәдениетті жолына салу.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскерде барлық Қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы-құқықтық тәртіп әскері¹.

Заңгер ғалымдарымыз: «Адам құқығы-адам мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, өзі заң арқылы қорғалатын болуы мүмкін іс-әрекеттің (інез-құллықтың) өлшемі (шамасы)» — деп анықтама берген².

Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі — қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу. Бұны бүгінгі таңда барлық деңгейдегі шенеуніктерден бастап, құқық қорғау органдары қызметкерлері, ұстаздар мен ата-аналар, азаматтар да түсінуде. Құқық бұзушылық жөнінде «Құқық бұзушылық дегеніміз — адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соны заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі», — деп көрсетілген³.

«Құқықтық тәрбие мақсаты — оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет — қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу», — деп анықталған⁴.

Құқықты құрметтеу, әділдікті, борышты, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну — адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі. Осыдан келіп заңдылықты сезіну құқықтық мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес. Азаматтардың құқықтық мәдениеті олардың қолданыстағы заңдар жөніндегі білімінен байқалады. Барлық заңдарды білу қажеттілігі мүмкін емес болса да, негізгі қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарын әрине әрбір азамат білгені жөн. Азаматтар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны өзгелердің және мемлекеттің мүддесіне қайшы келтірмей түсініп саналы орындауы, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі құптарлық іс. Заңгер ғалымдар Ғ. Сапарғалиев және А. Ибраева өз еңбектерінде: «Тұлғаның құқықтық мәдениеті — құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Ал мұның өзі құқықтық ұйғарымдарды жете түсініп барып орындаудан білінеді (көрінеді)» — деп атап көрсеткен⁵.

«Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жөнінде, әсіресе мыналарды баса көрсетуге болады: біріншіден, кез келген азамат өзінің құқығын, бостандығы мен міндетін анық түсінуі әрі оны бағамдап, парықтай білуі, екіншіден, осыларды мүмкіндігінше, іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы тиіс»⁶.

Сондықтан біздің ұсыныстарымыз төмендегідей болмақ:

1. Кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуы және олардың құқық бұзушылыққа қатысулары мектеп оқушыларының өз құқықтары мен міндеттерін меңгермегендіктен туындайды. Мектеп оқушылары өздерінің құқықтары мен міндеттерін білетін болса келеңсіз

жағдай туғызатын мұғалімдерді орнына қоя біледі және құқықтық мемлекеттің басты принципінің бірін орындауға мүмкіндік туындайды.

2. Ауыл халқы құқықтық сауаттылық жағынан толық қамтылмай отыр. Оны Президенттің Жолдауларын насихаттауға барған кезде заңгерлер жақсы байқайды. Сондықтан әрбір ауданға қарасты ауылдарда аудандағы әділет бөлімінен құқықтық сауаттылықты көтеретін жоғары білімді бір заңгерден бекітілуі тиіс. Әйтпесе ауылдан қалаға келген, аудан орталығына ауылдан келген адамдардың құқықтық сауаттылық деңгейінің кемшілігі байқалып отырады.

3. Құқықтық саладағы білімді арттыруға бағытталған, мамандандырылған интернет-сайттар ашылуы қажет. Азаматтардың еркін түрде құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік туар еді.

Тәуелсіз мемлекет ретінде елімізде көптеген өзгерістер болуда. Ендеше осы елдің ертеңі жасөспірімдерге ғасырға лайықты тәрбие беру басты міндет болмақ. Елімізде жастарға құқықтық тәрбие беру барысы өз деңгейінде жүргізілсе, соғұрлым құқықтық білім алған жастарымыз мемлекетіміздің көркейуіне, дамуына үлес қоса алатын болады. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау-ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі болмақ.

¹ *Арыстамбаева С.* Гносеология как парадигма правого общественного сознания // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. — 2006. — № 2.

² *Еликбаев Н.* Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях // Фемида. — 2004. — N 8-9. — С. 24.

³ *Зубок Ю. А.* Правовая культура молодежи в ракурсе трансформационных стратегий // Социологические исследования. — 2006. — № 6. — С. 20.

⁴ *Илюхина Г. Е.* Взаимосвязь и взаимозависимость толерантности и правовой культуры в школе / Наука и практика воспитания и дополнительного образования. — 2008. — № 2. — С. 28.

⁵ *Климов Е. А.* Основы психологии. — М., 1997. — С. 283.

⁶ *Кнапп В.* Логика в правовом сознании. — М., 1987.